

## *VI-БӨЛІМ. МЕГАЭКОНОМИКА*

### **20-ТАҚЫРЫП. ӘЛЕМДІК ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТА ЖҮЙЕСІ**

- **Мэгаэкономика: әлемдік шаруашылық, оның маңызы мен құрылымы.**
- **Халықаралық валюта жүйесі: мәні, құрылымы, дамуы.**

ХС-ның пайдасы әр экономикалық мектепте әрқалай бағаланады:

- Меркантилистер импорт экспорттан асу керек деді.

-А.Смит ойынша, басқа ел арзан бағамен өндіретін тауарды сатып алу керек. Әдебиетте оның теориясы «абсолютті артықшылық теория» деп аталады.

-Д.Рикардо «салыстырмалы артықшылық теориясын» жасаған.

ХС пайдасын бағалағанда абсолютті емес, қатынасты әсерді салыстыру керек, оның ойынша, егер әр тауарды шығыны аз елдер өндіруі керек, сонда өндірілетін тауар көлемі максималды болады,- деп көрсетті.

Келе-келе Д.Рикардо теориясын А.Маршалл мен Д. Милль дамытқан.

# ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ КАПИТАЛ ШЫҒАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:

- жаңа технология аумағында тікелей инвестициямен өндіріс капитал экспортын өсіреді
- жоғары дамушы елдерге капитал шығару артықшылық
- капитал экспортталушы ел ретінде дамушы елдер ролінің өсуі

## ХС маңызы

- ұлттық ресурс негізінің шектігінен өту
- ішкі рынокты кеңейту және ұлттық нарықты әлемдік рынокпен байланысын орнату
- ұлт және халықаралық өндіріс артықшылығы айырмасының арқасында қосымша табыс табу
- шетел ресурсын тарту арқылы өндіріс ауқымын кеңейту

**Протекционизм** - бұл импортты шектей отырып, ұлттық экономиканы шет ел тауарларынан қорғауға бағытталған саясат.

**Фритредер** - еркін сауда саясаты.

**Протекционистік саясаттың келесі бағыттары бар:**

- импорт кезінде жоғары кеден аламы бар және экспорт кезінде төмен мөлшердегі кеден салымдары;
- тарифтік барьерлер: контингентирлеу, лицензиялау, мемлекеттік монополия.

**Контингент** - жеке тауар импорты мен экспортына квота қою.

**Лицензиялау** - бұл сыртқа экономика қызметін жүргізуге бір ұйымның рұқсат алуы.

**Мемлекеттік монополия** – бұл мемлекеттік органдардың сыртқы экономика қызметін жүргізуге берілетін ерекше құқық.

**Капитал шығару** – бұл ұлттық айналымнан капитал бөлігін алып тастап, басқа елдегі өндіріске әр түрлі нысанада енгізу.

Капитал шығарудың **мақсаты** – артықшылық арқасында басқа елде жоғары көлемде табыс табу, бұл ұлттық шаруашылық шартымен салыстырғанда, шет ел өндіріс факторларын қолдану болып табылады.

**Капитал шығарудың түрлері:** **кәсіпкерлік және несиелік**. Кәсіпкерлік капитал шығару өз өндірісін шет елде құру немесе жергілікті компанияға ақша салу (портфельді инвестициялар).

**Экономикалық** - төменгі квалификацияланған жұмыс күшіне сұраныстың төмендеуі және ұсыныстың өсуі, дамушы елдерде жоғары білімді мамандарға сұраныстың өсуі, халықаралық жалақы айырмашылығында айқындалады.

**Экономикадан тыс** демографиялық, саяси діни, ұлттық, мәдени, жанұялық т.б. факторларға байланысты дамиды.

2-сұрақ. Елдер арасындағы экономикалық байланыс валюта алмастыруды да қажет етеді.

**Валюта** (баға, құн) – мемлекеттік ақша бірлігі. Әр елдің өзінің халықаралық құқық нормасын ескере отырып, ұлттық заң негізінде қалыптасқан ұлттық валюта жүйесі болады.

Ұлттық валюта негізінде әлемдік валюта жүйесі пайда болды.

**Халықаралық валюта жүйесі** – сыртқы рынокты орталық эмиссиялық банктер қызметін реттейтін мекемелердің заңдары, ережелері жинағы.